

Жангелдин ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 156 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 шілдеде № 4919 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 270 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 20.11.2014 № 270 қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 140-бабының 2-тармағына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Жангелдин ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды басқару органдары жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде "Жангелдин ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне алдағы үш жылдық кезеңге арналған аудандық бюджетке аударылуы тиіс таза табыстың бір бөлігінің болжамды сомаларын, сондай-ақ есепті жылы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың аудандық бюджетке аударған таза табысының мөлшерін берсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Кенжегарин

КЕЛІСІЛДІ:

"Жангелдин ауданының
қаржы бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Д. Аренова

Әкімдіктің 2014 жылғы

9 маусымдағы № 156

қаулысына қосымша

Жангелдин ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі

Т а з а 3 000 000 теңгеге дейін	таба с таза табыс сомасынан 5 пайыз
Таза табыс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін	150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 10 пайыз
Таза табыс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін	4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 15 пайыз
Таза табыс 250 000 001 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін	34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 25 пайыз
Таза табыс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін	97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 30 пайыз
Таза табыс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары	247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 50 пайыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК